

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі N 233 Қаулысы

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамы Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету үшін табиғи газды және М-100 отындық мазутты (бұдан әрі - отын) беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 026 "Қазақстанның оңтүстік өңірі тұтынушыларын тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде 2274216000 (екі миллиард екі жүз жетпіс төрт миллион екі жүз он алты мың) теңге сомасында отынды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес отынды мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі